



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Ахмет Байтұрсынов «Торғай мен қарлығаш»

Ахмет Байтұрсынов «Торғай мен қарлығаш»

Торғай жыланның жұмыртқасын тауып алып, ұясына салып басып жүріпті. Бұлай істеп жүргенін Қарлығаш көріп, Торғайға айтыпты:

- Мұның не бейшара? Ақылың алмасқан ба? Мұнан не қайыр, не жақсылық күтіп жүрсің? Өскен соң жамандығы ең әуелі өзіңе тиеді. Айтпады деме! Басыңа тигенде білерсің. Торғай Қарлығаш сөзін тыңдамай, жылан жұмыртқасын баса беріпті. Күні толған соң жұмыртқадан жылан баласы шығыпты. Өсіп үлкейіп, жылан болып алып, әуел бастан Торғайдың өзің шағып өлтіріпті.

Сонда Қарлығаш көріп айтыпты:

- Айтқаным келмей қалмас, кербәкқан тілімді алмас.